



Прокуратура жүйесіндегі маңызды өзгерістер

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының іске асырып жатқан жобаларының алдын ала нәтижелері назар аударарлық.

(Соңы. Басы өткен сандарда)

Он екінші жоба – «Әділ сот төрелігі».

Жыл сайын соттар 400 мыңға жуық азаматтық дауды қарайды. Жеңілген жақ сотқа да, «протест келтірмедің» деп прокурорға да наразы. Бірақ, көп жағдайда, бұл олардың кемшілігі емес. Олар заң шеңберінен шыға алмайды.

Соттардың шешімі әрі заңды, әрі әділ болсын деген мақсатпен 2016 жылдың қыркүйегінен бастап Жоғарғы Сотпен бірге арнайы жобаны іске асырудамыз. Мақсат – түрлі келісім-шарт жасаған кезде жұрттың алданып қалмауы үшін заңнамаға жаңа механизмдер енгізіп, алаяқтарға тосқауыл қою.

Халықтың ең көп шағымданатын мәселелері – банк қарыздары мен жер даулары. Осы категориядағы істерді талдап, біз Жоғарғы Сот және Әділет министрлігімен бірге заң жобасын әзірледік. Ол қарапайым азаматтардың мүддесін қорғауға бағытталған. Бұл жобаның екі ерекшелігін атап өтейік.

Біріншіден, мемлекет мұқтажына алынатын жерлер. Қазіргі заң бойынша ондай жерлерге компенсация кадастрлық баға бойынша төленеді. Біздің ұсынысы - жерлерін мемлекет алып қоятын азаматтарға оның нарық бағасын өтеу.

Банк қызметтерін де халыққа барынша жеңілдету қажет. Мысалы, қазір алимент төлейтін адамда қарыз болса, банк оны ештеңеге қарамастан автоматты түрде өз мүддесіне өндіріп алады. Соның кесірінен алимент төленбейді. Бұл дұрыс емес. Кредиттер бойынша банк комиссиясын алып тастауды, мүлкі жарты жылдан астам келіпде тұрған борышкерлерге пеня есептемеуде ұсынылып отыр. Заң жобасы Үкіметте қаралуда.

Әрине, заңның кемшіліктерін

бірінші сезінетін мемлекеттік органдар емес, жай азаматтар. Сондықтан Бас прокуратура сайтында азаматтардың сын-пікірлері үшін арнайы бөлім ашылды. Оған 30-дан астам ұсыныс келіп түсті. Әділет министрлігі топ құрып, оларды зерттеп жатыр.

Он үшінші жоба – Азаматтарды қабылдау орталығы мен Құқық қорғау қызметтері орталығы.

Елбасымыз айтқандай, жұмысымыздың басты критеріі - халық сенімі. Бізде бұдан басқа миссия жоқ. Ал, халық сенімі дегеніміз құр сөз емес, нақты іс-қимыл - адамдардың сұрағына түпкілікті жауап беру, проблемаларын тыңдап, жол көрсету, жөн сілтеу.

Бұл бағытта жасалған бірінші қадам – Азаматтарды қабылдау орталығы. Оны 3 ай бұрын аштық. Прокурорлар күн сайын адамдарды қабылдап, тіпті сотқа арызын да жазып беруде. Мұндай орталық біраз өңірлерде құрылды. Жыл соңына дейін барлық облыстарда болмақ.

Келесі қадам - Құқық қорғау қызметтері орталығы. 21 шілдеде Бас прокуратура орталығының тұсақесері жасалды. Бұл ЦООН сияқты. Бірақ, тек құқық қорғау қызметтері бойынша. Құқық қорғау саласында жұрттың сұрағы көп. Соларға жеңіл, түсінікті тілмен жауап беру, көмектесу – Орталықтың басты міндеті.

Ол жерде тек прокурорлар ғана емес, құқық қорғау органдарының өкілдері, адвокаттар, нотариустар, медиаторлар да қызмет көрсетеді.

Он төртінші жоба – кадрларға қатысты.

Бұл біздің ақсап тұрған жеріміз. Назарбаев Университет, ПрайсУотерХаус, Деллоит халықаралық компанияларымен бірге қызметке қабылдау тәртібін өзгерттік. Кадрларды жаңа әдіспен қабылдап жатырмыз. Танысың, ағаң, көкең болмаса прокуратураға тұру мүмкін емес деген қалыптасқан көзқарасты өзгерттік.

2016 жылдан бері екі конкурс өтті. 1839 кандидаттың ішінен тек 126-сы жұмысқа қабылданды. Соның алтауы Проектный офисте.

Ендігі жоспар - кадрларды іріктеудің бірыңғай орталығын құру. Оның міндеті – мықты мамандарды іріктеп, жұмысқа қабылданған әрбір прокурордың жан-жақты дамуына,

алға ұмтылуына жағдай туғызу.

Он бесінші жоба – «Бейнеесептер».

Осы жылдан бастап есеп берудің жаңа формасын енгіздік. Басшы прокурорлар жылына 2 рет видео арқылы есеп береді. Оның артықшылығы - кімнің қандай үлес қосқанын, қандай нәтижеге қол жеткізгенін анық көруге болады. Прокурор жергілікті халық үшін маңызды қандай проблеманы шешті, ол үшін нақты не істеді деген сұраққа жауап береді.

Ал, қағазда ол мүмкін емес. Енді бұрынғыдай бос сөзді көбейтіп, түймедей нәрсені түйедей етіп көрсетіп, жаза беру тоқталды. Сондықтан бейнеесептерге қатаң талап қойдық. Уақыты жағынан да, мазмұны жағынан да шектеу жасадық. Роликтер жинақталған арнайы портал іске қосылды. Қазір ол порталда 290 ролик тұр. Барлығына әділ бағасын бердік.

Ең үздік баллға ие болған - Екібастұз қаласының прокуроры, Глубокое ауданының прокуроры, Бас әскери прокурор, Астана авиация прокуроры.

Ең нашар есептер – Шортанды, Ақкөл, Сарқан, Зайсан аудандарының, Риддер қаласының прокурорлары.

Осы практиканы әрі қарай жалғастырамыз.

Он алтыншы жоба – Азаптаумен күрес.

Мұндай қылмыстарды адам құқығын қорғауға міндетті тұлғалар өз билігін асыра пайдаланып жасайды.

Қылмысты тез ашамыз деп олар айыпталушыны ұрып-соғады, қинайды, арын аяққа басады. Жыл сайын осындай 700-ге жуық арыз тіркеледі. Соңғы 5 жылда 140 құқық қорғау қызметкері сотталған.

Осы жағдайды түбегейлі өзгертейік деген мақсатпен «Азаптаусыз қоғам» деген жаңа жобаны бастадық. Төртінші түрме форумын осы тақырыпқа арнадық. Іс-қимыл жоспарын бекіттік.

Нәтижесі қандай?

Полиция бөлімшелерінде жауап алынатын кабинеттер әйнектен жасалсын, бәрі көрініп тұрсын деген талап қойдық. Бұл жұмыс Астанада басталды. Облыс және аудан орталықтарында 51 осындай ашық кабинеттер іске қосылды.

Оған қоса полиция органдарына жеткізілген адамдарды

тіркейтін электронды журналды жетілдірілуде. Барлық колонияларда прокурорлардың кабинеттері ашылды.

Азаптауға қарсы күреске арналған заң жобасы әзірленді. Оны превентивизм механизмі жайлы ілеспе заңға енгізсек деп отырмыз.

Он жетінші жоба – тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы.

Бұл ашық айтылмай жүрген проблема. Қоғамда болып жатқан келеңсіз жағдайлардың негізгі себебі - отбасындағы жағдай. Зорлық көрген аналар, жәбірленген балалар.

Парламент депутаттарын, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдарды, министрліктерді шақырып, өткен жылдан бері екі рет үлкен талқылау жасалды. Құзырлы органдардың кемшіліктері ашып көрсетілді. Жоспар бекіттік.

Енді сол ұсыныстарды жергілікті жерде тексеріп көру мақсатында Әйелдер және отбасы-демографиялық істері жөніндегі Ұлттық комиссиямен бірге 5 маусымнан Оңтүстік Қазақстанда пилоттық жобаны іске асырып жатырмыз.

Штаб құрып, Шымкент қаласы мен Сарыағаш аудандарынан бастадық. Бас прокуратурадан 2 қызметкер – Салтанат Тұрсынбекова мен Мақсат Сқақты сонда жібердік.

Республика бойынша алғаш рет отбасы істері басқармасы құрылмақ. 18 шілде күні облыстық мәслихат депутаттары сондай шешім қабылдады. Енді қаржы мәселесін жақын арада Қаржы министрлігі бекітеді деп отырмыз. Осы мәселе шешілсе, отбасы саласындағы проблемаларды қарайтын орган пайда болмақ. Мұндай мекеме біраз дамыған елдерде бар. Осындай дербес құрылым біздің қоғамға да қажет екені айқын.

Алдымен жәбірленушілердің проблемасына назар аударылды. Өйткені, олар көп жағдайда мұнын кімге айтарын, қайда барарын білмейді. Әсіресе, ауыл тұрғындары. Шымкент пен Сарыағашта әлеуметтік-психологиялық көмек көрсететін 2 орын ашылды. Жергілікті әкімшіліктер қаржы менғимарат бөлді. Бұл да елімізде бірінші рет.

Оған қоса «бұзақылармен» жұмыс істейтін 2 орталық іске қосылды. Онда алғашқы рет зорлық-зомбылық

жасаған 150 адам жақын арада психокоррекциялық түзетуден өтетін болады.

Әрине, зомбылықтың салдарымен күрескенше, оның алдын алу әлдеқайда тиімді.

Осы проблемаларды талқылағанда жас жұбайларды отбасылық өмірдің қырсырын үйрету керек дегенбіз. Сол бастама жалғасын тауып, 200 жас жұбай дайындықтан өтті. Оларға түрлі саладағы мамандар күйеу мен жұбайдың міндеттері, бақытты некенің құпиясы, қалай сыйласу керек, басқа да тақырыптарға тренинг ұйымдастырды.

Ақпарат жұмыстарымен бүкіл облысты қамту үшін 300 тренер дайындалды. Олар аудандарға барып, әрі қарай тренингтер өткізуде.

Одан бөлек, мұндаған адамға медициналық, әлеуметтік көмек көрсетілді. Науқастарға емделуге, балаларға лагерьге жолдама берілді.

Алдағы кезеңге жоспар – Елбасының тапсырмасына сәйкес цифрлық технологияларды енгізу.

Цифрлық технологияларға көшсек, қоғамның жанына батып жүрген біраз проблемаларды шешеміз. Олар өздігінен жойылады. Осыған қатты мән беріміздің себебі сол.

Енді прокуратура қызметкерлерінің басым бөлігі қылмыстық процеске бағытталмақ.

Жаңа Заңға сәйкес ішкі құрылымды өзгерттік. Бұрын орталық аппаратта 11 департамент болса, қазір бесеу. Облыстарда 14 құрылымның орнына жетеу, яғни 50 пайызға қысқарды. Бас прокуратурада басшылық қызметте 51 адам болса, олар 35-ке азайды. Облыстық аппаратта 16 бастық болса, қазір 10.

Аталған шаралар Мемлекет басшысының «100 нақты қадам» бағдарламасын, Қазақстан халқына Жолдауын, басқа да тапсырмаларын іске асыру шеңберінде жүргізілуде.

Алда тұрған міндеттерді сапалы, уақытылы іске асыру үшін өзімізге жоғары талап қойып, қоғам мен мемлекет мүддесінің шын жанашыры болатын, жаңа заман талаптарына жауап беретін заманауи, мобильді прокуратура құрумыз қажет.

ҚР Бас прокуратурасы

Академияға білім алуға Тәжік азаматтары келді

Жақында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясына жылдағы дәстүр бойынша Тәжікстан Республикасынан оқуға түсуге 10 тәжік азаматы келді.



елдерінің мақтанышы болуға одан қалды қазақ елінде жақсы білім алып, екі елдің адал азаматы болуға шақырды.

Құрметті шалғайдан келген талапкерлер, біздің оқу орнымызға қош келдіңіздер. Біз бүгінгі таңда Қазақстан мен Тәжікстан Республикасы Үкіметінің қылмыстық-атқару саясатын жүзеге асыру аясында екі елдің өзара әріптестік қарым-қатынас жұмыстары жемісті атқарып

келеміз.

Осы уақытқа дейін Тәжік елінен Қостанай академиясына 50 азамат оқуға түсіп, оның 40-тан астамы оқуларын ойдағыдай аяқтап, өз елдеріңізде жемісті жұмыс істеуде.

Құрметті талапкерлер, Сіздердің білім алуларыңызға Академия қабырғасында барлық жағдай жасалған. Тек сапалы білім алып, болашақта үлгілі офицер болуларыңызға тілектеспін, - деді Академия бастығының міндетін атқарушы полиция полковнигі Ербол Қаппасов.

Ербол Төлегенұлынан кейін Тәжікстан Республикасы Әділет министрлігі жазаларды орындау басқармасы бастығының орынбасары ішкі қызмет генерал-майоры Джумахан Футурович Футуров сөз алып Академия басшылығы мен ұжымына Тәжік елінің атынан алғысын білдіріп, талапкерлерге сәттілік тіледі.

Құрметті жерлес талапкерлер, Сіздер бүгін алғаш рет Қазақ елінің жеріне ат басын бұрып, келдіңіздер. Сіздердің міндеттеріңіз

алдағы тұрған емтихан сынақтарынан сүрінбей өтіп, Қостанай академиясының курсанты атануларыңызға тілектеспін. Бұл дегеніңіз білімдеріңізді тереңдетіп, мәдениеттеріңізді жоғарылатуға беріліп отырған бақытты сәт деп біліңіздер. Қазіргі таңда екі елдің Президентінің саясаты өте ұқсас. Екі Президенттің де ойлағаны ел қамы, ел тыныштығы, елдің амандығы.

Сондықтан Сіздер өзге елде жүрсеңіздер де Тәжік елінің туын биік ұстап, жаманшылыққа, құқық бұзушылыққа жол бермеулеріңізге, елдің мақтанышы болуларыңызға тілектестік білдіреміз деді, - генерал-майор Джумахан Футуров.

Кездесу соңында қонақтар академия ұжымына естелік сыйлықтар табыстап, болашақта екі елдің арасында бұдан да тығыз қарым-қатынаста жұмыстар жасала беретінін тілге тиек етті.

**М. ОСПАНОВ,
ҚР ИИМ Академиясының
баспасөз хатшысы**

Академия басшылығы жас курсанттармен кездесті

2017 жылғы 17 тамыз күні Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаеватындағы Қостанай академиясының оқу-дала лагерінде жаттығып жатқан бірінші курс курсанттарымен кездесті.

Атап айтқанда аталмыш кездесуге Академия бастығының міндетін атқарушы полиция полковнигі Е. Қаппасов, академия бастығының орынбасарлары полиция полковнигі А. Нұрышев, полиция полковнигі С. Бачурин және академия бастығының көмекшісі полиция полковнигі Қ. Айтқұлов қатысты.

Кездесу барысында Академия бастығының міндетін атқарушы полиция полковнигі Ербол Қаппасов оқуға түсуші курсанттарды құттықтап, жылы лебізін білдірді. Сөз арасында Ербол Төлегенұлы Академияның тыныс-тіршілігімен таныстырып, бүгінгі таңда спорттың 12 түрі,

мәдениет университетінің және де басқа да көптеген үйірмелер жұмыс жасайтындығын атап өтті. Осы курсанттар үшін ашылған үйірмелерге әркім қал-қадірінше қатысып, академияның беделін арттыруға шақырды.

Ербол Төлегенұлынан кейін басқа да орынбасарлар оқуға түскен курсанттарды



орналастырылып, жайғастық. Жайғасып болған сәттен бастап, курсанттық өмірдің жарғы, ережелерімен танысып, бірінші күннен-ақ барлық курсанттар жарғының, толық тазалықтың және қатаң күн тәртібінің қандай болатынын ескеріп келеміз. Бізге бәрі ұнайды, - дейді Ақтөбе қаласынан келген Бек Алмабеков атты курсант.

Академия қатарына түсуге ынта білдірген азамат пен азаматшалар саны көп болғанына қарамастан, академияға тек 255 адам қабылданды. Әрине

қабылданған курсанттар мықтылардың мықтысы, үздіктердің үздігі болып табылады.

Қатарға қабылданған курсанттар немесе жат елде Қазақстанды таныстыратын курсанттарымыз, тек мақтанышпен қуанып қана қоймай, таңдаған мамандығының қаншалықты маңызды екендігін ұғынуы тиіс. Осы сәттен бастап оның иығына ауыр жүк, қатаң жауапкершілік түсті. Себебі біз келешекте Қазақстан Республикасының тыныштығы мен амандығын, көркеуі мен өркендеуінің болашақ сақшыларымыз.

ҚР ІІМ Қостанай Академиясының баспасөз қызметі

Ата Заңым жасасын!

Кең пейілді, қонақжай
Қазақпыз біз ежелден.
Ұлтын, арын таптамай,
Халқына көңіл көп бөлген.

Кеше ғана ел едік,
Дала заңын ескерген.
Бүгін, міне, ел болдық
Ата Заңын көтерген.

Арайлап атқан күніміз,
Жұлдызды болған түніміз,
Әр қадам мен ісіміз
Занға сәйкес біз елміз.

Жеті Жарғы жариялады
Бабам Тәуке ел үшін.
Ата Заңмен қолданып,
Тапты орнын жалғасын.

Көк аспанмен таласа
Желбірейді көк туым.
Күн сәулесімен шағылысар
Бүркіт ұшқан тау, нуым.

Егемендік елімінің
Маңдайдағы жұлдызы!
Қазағымның жерімінің
Аман болсын ұл, қызы!

Жаса, жаса, өркенде,
Көк байрақты қазағым!
Ата Заңмен бұл күнде
Қазақ елі жасасын!

**Оразгүл ӘБДІКӘРІМОВА,
УК-161/12 мекемесі
Кеңсе инспекторы**



құттықтап, игі тілектерін тіледі.

Кездесуден кейін Академия басшылығы курсанттардың жатын бөлмелерін, ас ішетін асханаларын және казармаларды тексерді. Онда тұрып жатқан курсанттардан қал-жағдайларын сұрады.

- Біздің жағдайымыз жақсы, оқу-дала лагерін кең дала алқаптар, қалың орман және жасыл тоғайлар қоршап жатыр. Бізді жылы қарсы алған офицерлер және жеке құрам, бүкіл лагерь ішінде қолайлы және достық қарым-қатынастарды сақтап, қадағалай біледі. Біз оқу-дала лагерінде еш қиындықсыз жатақханаларға

Полиция қызметкерлерін қорлаған...

Қостанай гарнизонының әскери соты ҚР Қылмыстық кодексі 378-бабының 1-бөлігімен (билік өкілін оның өз қызметтік міндетін атқару кезінде қорлау) көзделген қылмысты жасаған үшін айыпталған 2031 әскери бөлімінің келісім-шарт бойынша әскери қызметшісі сержант Дархан Молдашевқа қатысты қылмыстық іс қарады.

Ол 2017 жылғы 29 мамырда Қостанай облысы Мендіқара ауданының Первомай ауылында алкоголді масаң күйінде болып, өз қызметтік міндеттерін атқарып жүрген Мендіқара аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкерлері Т. Валиев пен Н. Омаровқа қарсы былапыт сөздер айтқаны үшін кінәлі болып танылды.

Сот отырысы жүргізіліп жатқан кезде, сотталушы айып тағылған қылмысты жасағанын толық мойындады.

Әскери соттың үкімімен Молдашевқа 50 айлық есептік көрсеткіш көлемінде (113 450 теңге) айыппұл жазасы тағайындалды.

**Үкім заңды күшіне енді.
Нұрболат ҚАРАТАЕВ,
Қостанай гарнизоны
әскери сотының бас маманы**

«Шала қазақ» деген атау қазаққа қалай сіңді?

Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы шартты атаумен «Шала қазақ» атты толықметражды көркем фильм түсіруді бастап кетті. Режиссері – Төлеген Байтүкенов. Фильм Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша түсірілмек.

«Бұл фильм адамның тағдыры мен міндеттелген парызын орындау туралы. Картинаның желісінде адам табиғатына тән ынқықтық пен азғындауға құмартып тұратын қасиеті болса-дағы, оған бой алдырмай, өз таңдауына және өзінің азаматтық борышына адал болып қалған жанның өмірі көрсетіледі» дейді режиссер Төлеген Байтүкенов.

«Шала қазақ» фильмі – режиссердің алғашқы жұмысы. Бұған дейін Төлеген Байтүкенов «Супер Баха» атты комедияның сценарийін жазуға атсалысқан екен. Одан бөлек, «Тұшпара және Рахманинов» атты қысқаметражды фильм түсірген. «Шала қазақтың» да сценарийін автордың өзі жазған. Алматы облысы, Қапшағай қаласынан 40 шақырым жерде орналасқан Бригадир ауылында түсірілім жұмыстары басталды.

Сценарий желісіне сүйенсек,

«өркениеттен тыс қалған» (сценарий авторларының пікірінше) ауылдың бірінде учаскелік полицей ауылды басып алған қылмыскерлермен айқасады. Ұрланған құнды заттарға толы жүк көлігі осы ауылда сынып қалғандықтан, қылмыскерлер жүк қоймасын іздеп, осы маңда күннің ішінде жерге көмілген бағалы жүктерін қазып алып, ешкімге зиян келтірмей ауылдан қашып кетуді көздейді. Алайда қылмыскерлердің бұл жоспары іске аспай қалып, ауыл тұрғындарына күш жұмсайды. Тек ауылдың учаскелік полицейі қылмыскерлерге төтеп беріп, өзінің борышын соңына дейін өтейді.

Бүгінгі заманның қаһарманы – ауыл учаскелік полицейі. Қаһарман полицей болса, бұл жердегі «шала қазақ» кім? Таза қазақ ауылында қызмет істейтін полиция қызметкерінің қазақша білмеуі мүмкін емес нәрсе ғой. Жалпы қазақты «таза қазақ» және «шала қазақ» деп бөлу қайдан шықты? Фильмнің атауын (шартты атауы болса да) «Шала қазақ» деп алу қаншалықты қажет?

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттік тілді білмейтін қазақ ұлтының өкілдерін «шала қазақ» деп атауды тоқтатуды талап еткені белгілі. «Қазақтардың өзінің ішінде қазақ тілін білмейтіндер бар, оны өздеріңіз де білесіздер. Оған олар кінәлі емес, себебі олардың еке-шешелері орыс тілді ортада ескен. Сондықтан оларды шала қазақтар деп атамау керек. Біз бәріміз де қазақтыз» деген еді. «Шала қазақ» деген ұғымды біз өзіміз бойға сіңіріп алдық. Әйтпесе, «шала орыс», «шала өзбек», «шала қырғыз» көрген жоқтыз

ғой. Дана халқымыздың «су басынан тынады» дейтін ғажап сөзі бар. Замана дертімен еріксіз лайланған ана тілімізді бастапқы табиғи мөлдір судай қалпына түсіру үшін шешуші әрекетті балабақшамен мектептердегі тіл мәселесінен бастау, яғни сөйлеу ортасын қазақыландырудан бастау – ең шешуші мәселеге айналуы тиіс еді. Тіл білмейтін қазақты «шала», «ада» деп өзектен теппей, құшағымызға тартуымыз керек. Батыл әрекет ететін уақыт баяғыда жеткен. Оған қолбайлау боп отырған ешкім де жоқ.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «шала» сөзінің бірнеше мағынасы бар екенін талдап көрсетеді. Мәселен, біріншіден, отынның толық жанып бітпеген қалдығы. Екіншіден, артына шала байлады – соңынан сөз ерді, есекке таңды. Үшіншіден, пісіп жетілмеген, шикі дүниені шала деп атайды. Тағы бір мысал, шала байыды, шала бұлңді дейміз. Яғни болар-болмас олжаға кенеліп мез болған адамды, болмаса күйіп-піскен, әлекке түскен жанды солай дейміз. Шала сауатты десек, сауаты төмен адамдарды айтқан боламыз. «Шала қазақ» деген ұғымды қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен кездестірген жоқтыз. Демек, мұны айналымға енгізген де өзіміз. Біз қазір ұлт бірлігі туралы жиі айтамыз. Ұлт бірлігі проблемасын қозғамас бұрын ұғымды түзеп алуымыз қажет емес пе?

Жазушы Дидахмет Әшімханұлының: «Осыдан бір ай бұрын Пекинде болдым. Лу Синьнің музейін арнайы іздеп бардым. Лу Синь – дәрігер болған адам. Жапонияда жүргенде аядай ғана жапондардың самсаған қытайға оқ жаудығанын көреді де, ойға батады.

«Дәрігер болсам, ең арысы 100 адамды емдермін. Миллиондаған қытайды қалай емдеуге болады?» деп бас қатырады. Ақыры халқын сөзбен емдеуге бет байлайды. Лу Синь саналы түрде жазушылыққа бет бұрған адам» дегені бар-ды.

Ұлтты емдеудің жолы – сөз. «Жақсы сөз – жан семіртеді». Қазақшаны бұрал сөйлейтіндердің бәрін «шала қазақ» деп бұра тарта берсек не болғанымыз? Түрік жұртын біріктіруге шақырған Мұстафа Кемал Ататүріктің «Түріктің түріктен басқа досы жоқ» деген аталы сөзі бар. Ендеше, қазақтың да қазақтан басқа досы жоқ. Президентіміз Н. Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: бір халық – бір ел – бір тағдыр» деген атаумен аталуын былайша айтып өткен болатын. «Бір халық – бұл барлығымыз үшін ортақ ұлттық мүдделер. Бір ел – бұл барлығымыз үшін ортақ Отан. Бір тағдыр – бұл біз бірге жүріп өткен қиындықтар мен жеңістер!».

«Бір ел – бір халық – бір тағдыр» ұғымының астында тоғысқан қазақтың «шала қазақ», «ада қазақ» болып бөлінуінің еш жөні жоқ. Сабыр Адайша айтқанда, «әр қазақ – менің жалғызым»... Сондықтан әлі де болса, кино атауын өзгертудің амалын жасау керек. Көгермен тартамыз, қаражат түсіреміз дейтін пиғыл үстем болса, мемлекетке атын беріп отырған ұлтымыздың қадір-қасиетін көз алдымызда таптағандай боламыз.

Қазақ атын аяққа таптап отыра береміз бе, сонда?!.

**Гүлзина БЕКТАС
(«Айқын» апталығынан)**

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru